

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

5. Экологическая сфера важна для устойчивого развития государства. Однако в условиях защиты своих интересов она может быть отнесена к менее приоритетным, поскольку не является первоочередной задачей. Экологическая составляющая является небольшим бонусом как для зеленой экономики, социального здоровья и международного авторитета.

Подводя итоги, можно сказать, что определение «Центра силы» и полюса является довольно спорным и до конца не решенным вопросом. Но уверенно можно утверждать, что на данный момент данный концептуальный подход к пониманию «Центра силы» и полюса подходит для рассмотрения и его дальнейшей доработки.

Список использованных источников

1. Акопов А. К. Политико-исторические концепции мирового порядка в теории международных отношений // Terra Linguistica 2013 В. 4. №184 С. 1-8. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/politiko-istoricheskie-kontseptsii-mirovogo-poryadka-v-teorii-mezhdunarodnyh-otnosheniy/viewer>
2. Голиней В. А. Полюс как элемент системы международных отношений в XXI в // Век глобализации. 2019. №1. С. 1–7. // URL: <https://3geo.livejournal.com/53352.html>.
3. Гольцов А. Г. «Политические проблемы международных отношений, глобального и регионального развития» // Вестник СПбГУ 2017. Т. 10. В. 4 С. 334–345. // URL: <https://dspace.spbu.ru/bitstream/11701/9041/1/05-Goltsov.pdf>
4. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций // 1993 г. С. 21–26.
5. Гольцов А. Г. Геополитический порядок в мире: тенденции развития // Вестник Санкт-Петербургского университета. Международные отношения. 2017. №4. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/geopoliticheskiy-poryadok-v-mire-tendentsii-razvitiya>

ПОДСЕКЦИЯ 5.2 СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕГИОНОВЕДЕНИЯ

ӘОЖ 31478

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ: БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Атаева Тоқжан Тасболатқызы

jan_92.17@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - П.Қ.Қилыбаева

Орталық Азия елдері деген кезде көз алдымызға бірден 5 мемлекет елестейді. Дегенмен көп деректерде тек 5 мемлекет ғана емес басқа да аймақтарды қосып, Азияның ішкі аумағында орналасқан табиғат аймағын айтып жүр. Орталық Азия аймағы- Батысы мен солтүстік-батысында ТМД елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан), солтүстігінде Моңғолия, Қытайдың солтүстік-батыс бөлігі және де Оңтүстік-батысы мен оңтүстігін Ауғанстан, Пәкістан, Үндістанның солтүстік бөліктері, орталығы мен шығысын Қытай алып жатқан барлық аумақ. Орталық Азия – Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде бұрынғы Орта Азия республикалары мен Қазақстан аумағында пайда болған геосаяси кеңістік. Орталық Азия болып аталуы – жер аумағының Еуразия құрлығының ортасында орналасуына және бұл елдердің тарихы, діні мен тілі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, мәдениеті мен шаруашылығындағы жақындықтар, ұқсастықтардың көп болуына байланысты деп түсіндіріледі. Орталық Азия аймағының аумағы 4 млн. км²-ден асады, халқының жалпы саны 74 млн. адамды құрайды. Аймақ елдерінің сыртқы

сауда және экономикалық қатынастарында ежелгі Ұлы жібек жолының қайта жаңғыруы өз көрінісін беруде, әрі Ресей, Қытай және ТМД-ның басқа да елдерімен дәстүрлі байланыстарын жалғастыруда. Орталық Азия аумағында Қытай, АҚШ, Үндістан, Батыс Еуропа және мұсылман елдерінің осы аймақтағы геостратегия мүдделері түйіскен. Орталық Азияның саяси-әлеуметтік өміріндегі өзіне тән ерекше қасиет – ол ислам әлемінің бір бөлігі саналады және христиан, буддизм, индуизм, т.б. өркениеттердің тоғысуымен де ерекшеленеді. Аймақ шығыс пен батыс елдерін жалғастыратын біріктіруші көпір қызметін атқарады.

Орталық Азия аймағы халықаралық қатынастар жүйесінде геосаяси тұрғыда өте маңызды әрі өркениеттердің тоғысқан аймағы. «Орталық Азия» ұғымы ғылыми әдебиеттерде толық жүйелі түрде зерттелмегендіктен, ғылыми айналым мен қоғамдықталқылауларда бір-біріне қарама-қарсы дискурстар қалыптасуда. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі «Орталық Азия» концепциясын ғылыми тұрғыдан талдау аса маңызды. Соңғы жылдары Орталық Азия аймағы («Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан») қалыптасқан бес мемлекет тұжырымдамасы бойынша) халықаралық қауымдастық тарапынан мүдделер тоғысқан аймаққа айналып қана қоймай, геосаяси маңыздылығы артып келеді. Біздің пікірімізше, бұл негізгі екі себепке байланысты. Біріншіден, аймақтың қуатты шикізат базасы және тиімді стратегиялық орналасуы.

Екіншіден, Орталық Азия елдерінде жаңадан қалыптасып жатқан мемлекеттік институттың жаңа мыңжылдықтың шынайылығына тез бейімделіп, әлемдік саясат пен экономикаға сәтті кірігуінің жалғасып келе жатқан көрінісі.

Осы тұста тарихқа аздап көз жүгіртетін болсақ, алғаш рет «Орталық Азия» ұғымы 1843 жылы неміс географы Александр Гумбольдтың еңбегінде көрсетілді. А.Гумбольдтің пікірінше, бұл аймаққа «Алтайдан оңтүстікке қарай Гималайдың солтүстік беткейіне дейінгі аумақтар» кірді. Кеңес Одағы кезінде әлемнің саяси картасында «Орталық Азия» аймағы болған жоқ, керісінше «Орта Азия және Қазақстан» немесе «Орта Азия (Средний Азия)» термині біртұтас Кеңес мемлекетінің оңтүстік шекарасы шеңберінде қолданылды. КСРО саяси институт ретінде жойылғаннан кейін, жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттерді саяси ғылымдар тұрғысынан зерттеуде жаңа шекаралар мен терминологияны анықтаудағы маңызды кезең бастау алды. 1993 жылғы қаңтардағы өңірдің бес мемлекеті — Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы басшыларының Ташкент қаласында кездесуі болды. Ресми кездесу барысында, Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасы бойынша кеңестік кезеңде қолданылған «Орта Азия және Қазақстан» ұғымынан бас тарту және «Орталық Азия» терминін қолданысқа енгізу туралы шешім қабылданды.

Орталық Азия елдерінде өзара тиімді саясат жүргізуіне бірден-бір кедергі – мемлекеттер арасындағы қалыптасқан проблемалар болып отыр. Орталық Азия өңірінің бірқатар ішкі проблемаларын, бірінші кезекте – кедейшілік проблемасын тез әрі тиімді шешу талап етіледі, олардың шешілуін кешеуілдету көптеген этно-саяси қақтығыстардың туындауына негіз болып, мемлекетшілік проблемалар сыртқы проблемаларға, өңірлік проблемадан халықаралық проблемаларға ұласуда.

Орталық Азия аймағының халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін зерттеу кезінде әртүрлі авторлардың: саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың, конфликтологтардың, халықаралық заңгер-ғалымдардың және халықаралық қатынастар жүйесінің әртүрлі деңгейлерде, оның ішінде өңірлік деңгейде қалыптасуын зерттеумен айналысатын ғалымдардың бірқатар жарияланымдары зерттелінді. Қазіргі кезеңде халықаралық қатынастар жүйесіндегі Орталық Азия аймағының рөлі мен орнын зерттейтін отандық дереккөздерді бірнеше негізгі топқа бөлуге болады. Бұл еңбектерде Орталық Азия елдеріндегі саяси қатынастар проблемаларына және олардың әлемдік және өңірлік көшбасшылармен өзара іс-қимылына талдау жасалған. Сонымен бірге, бұл жұмыстарда АҚШ, Ресей және Қытайдың Орталық Азиядағы мүдделерінің өзара тәуелділігі мен қарама-қайшылығының тұтас көрінісі ұсынылған. Орталық Азия алдында тұрған

көптеген маңызды проблемалардың (терроризм, трансшекаралық қылмыс, трансшекаралық өзендер, демаркацияланбаған шекаралар дауы) трансұлттық сипаты бар.

Орталық Азия елдері әлем назарын өзіне аударып отырған аймақ ретінде өз білім жүйесін, халықтың сауаттылығын арттырудағы жобаларды қабылдаумен қатар, жоғарғы оқу орындарда мамандарды дайындаудың қаншалықты маңызды екендігін түсінуде. Диссертациялық жұмыста Орталық Азия елдерінің жоғарғы білім жүйесіне толық шолу жасай отырып, осы аймақтағы соңғы жылдары елдегі билік ауысқаннан бастап білім саласында көптеген жаңашылдықтарды енгізумен ерекшеленіп отырған Өзбекстан Республикасының жоғарғы білім беру саласының барлық даму кезеңдеріне тоқталып, толығымен талдау жасауға басты назар аударылуда. Өзбекстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ең алдымен білім беру жүйесін түбірімен қайта құру мәселесін қарастырды. Осы орайда мемлекетті біршама заңдар қабылданды. Алғашқыларының бірі болып 1992 жылы Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы қабылданды. 1997 жылы жинақталған тәжірибелерді үйреніп, қорытынды жасап, тәуелсіз мемлекеттің мүмкіндіктері ескеріліп, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлистің 1997 жылы, 29 тамызда болып өткен ІХ сессиясында жаңадан «Білім беру туралы» Заң қабылданды. Өзбекстан мемлекетіндегі білім саласындағы соңғы өзгерістерді ескеріп 23.09.2020 жылы «Білім беру туралы» Заңы қайтадан қабылданды. Өзбекстан мемлекетінің білім беру саласының кезеңдері зерттеліп, осы күнге дейінгі атқарылып келген жұмыстарының барлығы өз жемісін беруде. Өзбекстан Республикасы бүгінгі таңда білім саласына орасан зор қаражат бөліп, халықтың сауаттылығын арттыруды басты орынға қояды.

Орталық Азия елдерінің демографиялық көрсеткіштерін салыстырып, аналитикалық талдау жасайтын болсақ, аймақтағы халқы жағынан ең көп мемлекет Өзбекстан екендігін байқаймыз. Екінші орында Қазақстан, үшінші ел Тәжікстан болса, төрт пен бесті Қырғызстан мен Түркменстан алып тұр. Өзбекстан Республикасының халық саны көптігіне байланысты елде жұмыс табу мәселесі біршама қиындықтарды туғызуда. Өзбек халқының жалпы сауаттылық деңгейі де төмен көрсеткішке ие. Ел салт-дәстүрді қатаң ұстанатындықтан елдегі қыз балалар мектепті бітірер бітірмес тұрмысқа шығып, ары қарай оқымай бала табу мен қазан-ошақтың қасынан шықпай үйде отырып қалады. Отбасында тек ер азаматтар ғана ақша табатын болғандықтан Өзбекстанда жұмыс таба алмай немесе тапса да айлығы күн көрісіне жетпей ел асып шетелге жұмысқа кетіп, әр түрлі проблемаларға (елге қайта оралмай, қайтып келсе де өкпе кеселіне шалдығып, отбасы құндылықтары өзгеріп) душар болып жатады. Тиісінше осы орын алған жағдайлар елдің ЖІӨ көрсеткішіне кері әсерін тигізуде.

Ал қалаға қарай халықтың ағылуына келсек ОА елдерінің ішінде Қазақстан мен Туркменстан көш бастап тұр. Өзбекстан мен Қырғызстан одан кейінгі орынды алса Тәжікстан тізімнің ең соңынан орын алуда. Халықтың қалаға тұруға талпынуы әрине жақсы, дегенмен елдегі жағдайға көз жүгіртсек қалаға келген халықтың тұрақты жұмыс таба алмауы, тұратын үй-жайларының жоқтығы, тиісінше елдегі қылмыс пен кедейшіліктің деңгейін өсіріп жіберуде.

Бүгінгі таңда Қазақстан мен жалпы Орталық Азия елдеріндегі халықтың өмір сүру деңгейі біршама жақсарып келеді. Әлеуметтік мәселелердің шешілуінің есесіне ондағы халықтың өмір сүру ұзақтығы артып отыр. Қарт адамдардың қатары 4,5 пайызға өскен. Бұның бәрі аймақтағы тұрғындардың көбеюіне оң әсерін тигізуде. Бұған аталмыш мемлекеттердегі медицина саласының дамуы да өз септігін беріп отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы жүргізген зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша, аймақтағы орташа өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші артқан. Мәселен, Өзбекстанда ол – 73,8 жас, Тәжікстанда – 73,7, Қазақстанда бұл көрсеткіш – 72,4 жасқа жетсе, Қырғызстанда – 70,9 жасты құрап отыр, Ал Түркменстанның орташа өмір сүру ұзақтығы – 70,4 жас. Жалпы аймақтағы аға буын өкілдерінің үлесі 5 пайызға артқандығы байқалады. Бұл орайда ең жоғарғы өсім Қазақстанда болса, ең төменгі көрсеткіш Тәжікстан елінде тіркеліпті. Сондай-ақ отандық сарапшылардың мәлімдеуінше, бүгінде Орталық Азия елдеріндегі 14 жасқа дейінгі балалардың саны 20,5 млн-нан асыпты. Бұл аймақтағы бар тұрғындар санының

29 пайызына тең. Осы тұрғыда Тәжікстан елі көш бастаса, Қырғызстандағы көрсеткіш баяулай түскен. БҰҰ соңғы мәліметтеріне сүйенсек, Өзбекстанның халық саны 2050 жылы 40,9 миллионның шамасында болады екен. Осылайша өзбекстандықтар Орталық Азиядағы 5 мемлекетте өмір сүретін халықтың 43,3%-ын құрайды. Ал Қазақстанның бүгінгі демографиялық ахуалын сараптаған мамандар аталмыш кезеңде халықтың жалпы саны – 22,9 миллионның шамасында болатындығын болжап отыр.

Сонымен қатар аталмыш мәлімдемеде ХХІ ғасырдың екінші жартысында Өзбекстандағы демографиялық өсімнің тоқтайтындығы айтылған. Ал Қазақстан халқының жалпы өсімі төмендегенімен, 2100 жылға қарай 25 миллионнан асатындығы болжанған. Қорыта келгенде, БҰҰ болжамдары Қазақстанның халық саны бойынша Өзбекстанды жақын арада басып оза алмайтындығын көрсетіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гумбольдт А. Центральная Азия.- Москва, 1915, 611 с.
2. Есіркепов С. Орталық Азия және Қытай: заманауи геосаясат пен стратегиялық мүмкіндіктер.- Астана, 2012, 238 с.
3. Тоқаев Қ. Назарбаев дипломатиясы.-Оңтүстік Қазақстан, 2010, 97 с.

ӘОЖ 32.327.7

ШЫҰ АЯСЫНДАҒЫ ҚХР-НЫҢ МӘДЕНИ ДИПЛОМАТИЯСЫ

Аққасен Назгүл Нұрланқызы

akkasennaz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – П. Қилыбаева

Аңдатпа. Бұл мақала Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) контекстіндегі Қытай мәдени дипломатиясының рөлін зерттейді. Қытайдың өз мәдениетін ілгерілету және осы халықаралық ұйым шеңберінде ықпалын нығайту үшін қолданатын стратегиялары мен тетіктерін қарастырылады. Мақалада Қытай мәдениетін насихаттау, мәдени делегациялармен алмасу, білім берудегі ынтымақтастық және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану сияқты мәдени дипломатияның негізгі принциптері талданады. ШЫҰ шеңберінде өзінің мәдени дипломатиясын іске асыру процесінде Қытай тап болатын артықшылықтар мен сын-тегеуріндерге ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: *Қытай Халық Республикасы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, мәдени дипломатия, жұмсақ күш, геосаясат, стратегия, ықпал, ынтымақтастық.*

ШЫҰ жұмыс істей бастағаннан бері (2001 ж. маусым) Қытай үкіметі осы Ұйым шеңберіндегі мәдени ынтымақтастыққа ерекше назар аударды. ШЫҰ – ға мүше мемлекеттер басшыларының 2020 жылғы қарашадағы саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин «Шанхай рухын» дамытудың маңыздылығын атап өтіп, «төрт қоғамдастық», оның ішінде «мәдени-гуманитарлық» құру бастамасын көтерді. Қытай көшбасшысының бағалауы бойынша өркениеттер жақсы мен жаманға бөлінбейді, бірақ әртүрлілігімен ерекшеленеді. ҚХР «адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығы» теориясын байытатын, мәдениеттің алуан түрлілігін сақтау, аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту үшін халықтарды жақындастыру мақсатында мәдени-гуманитарлық алмасуларға жәрдемдесу қажет [1]. ШЫҰ құру